

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 239 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 сәуірде № 7650 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 24 наурыздағы № 146 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.03.2022 № 146 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 509-бабы 5-тармағына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Мәслихаттың 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 13 "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін он есеге жоғарылату туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6335 тіркелген , 2016 жылғы 19 мамырда "Арна" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай аудандық
мәслихатының кезекті
сессиясының төрағасы*

Д. Мирасов

*Қостанай аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б. Копжасаров

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қостанай ауданы бойынша Мемлекеттік

кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Ж. Бисекеев

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай ауданы әкімдігінің
"Жер қатынастары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ М. Темирбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК